Қазақстанның бакалавриат білім беру бағдарламасының оқу жоспары үш негізгі блоктан тұрады: пәндер (модульдер), тәжірибе және қорытынды бақылау түрі. Пәндер блогы жалпы білім беру (ЖБП), базалық пәндер (БП) және бейіндеуші пәндер (БейП) циклдеріне бөлінеді, олардың әрқайсысы студенттердің интеллектуалдық, кәсіби және арнайы құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Тәжірибе блогы оқу-өндірістік және диплом алдындағы тағылымдамаларды қамтиды, бұл студенттердің практикалық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Қорытынды бақылау блогы бітіру біліктілік жұмысын қорғау мен мемлекеттік емтиханды қамтиды. Сонымен қатар, оқу жоспарында элективті пәндер де көрсетіледі, олардың ішінде пәндік-бағдарлы, бейіндік-бағдарлы, пәнаралық және пәннен тыс курстар бар. Әр пән бойынша академиялық сағаттар, лекциялар, зертханалық және тәжірибелік сабақтар саны көрсетіледі, ал оқу нәтижелері бақылаудың нақты түрлерімен бағаланады (Аватков, 2012:5).

Қазақстандағы химия мұғалімдерін даярлау бакалавриат оқу жоспарларына байланысты зерттеулер жоқтың қасы, дегенмен, Жолдасбаева (2022:17) өз еңбегінде Қазақстандағы жалпы орта білім берудің оқу жоспарлары мен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының мазмұны арасындағы сабақтастықтың болмауы жоғары білікті педагогикалық кадрларды даярлау сапасына кері әсер етіп, білім беру жүйесінің, соның ішінде мектеп деңгейіндегі білім сапасының төмендеуіне әкеледі деген.

Сонымен қатар, Қазақстандағы химия мұғалімдерін даярлау бакалавриат оқу жоспарлары басқа мемлекеттердің осы мамандыққа арналған оқу жоспарларымен салыстырылып зерттелмеген. Дегенмен, Түркияның жоғары оқу орындарындағы химия мұғалімдерін даярлау бағдарламалары Германия, Англия, Франция және Швейцарияның жоғары оқу орындарындағы химия мұғалімдерін даярлау бағдарламаларымен салыстырылып зерттелген. Германия мен Англиядағы жоғары оқу орындарында химия мұғалімдерін даярлау бағдарламаларындағы студенттердің міндетті курстарының саны Түркияға қарағанда әлдеқайда аз екендігі анықталған. Сонымен қатар, Германия мен Англияда химия мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасындағы студенттер биология мұғалімі мамандығын қосымша мамандық ретінде қатар оқи алады. Түркия, Германия және Франциядағы химия мұғалімдерін даярлау бағдарламаларындағы практикалық сабақтардың саны Түркияда көбірек екені анықталған. Швейцарияда химия мұғалімдерін даярлау бағдарламасы 364 ECTS кредитін қамтыса, Түркияда бұл көрсеткіш 275 ECTS кредит (240 ECTS емес, себебі 2011 жылы Түркияда педагогика бағытында бакалавриат дәрежесін алу үшін оқу жылы 5 жылды құраған) (Ergun, 2013:20).

Қазіргі бар зерттеулерге қарамастан, Қазақстан мен Түркиядағы химия мұғалімдерін даярлау бойынша білім беру бағдарламаларын салыстырған арнайы зерттеу жүргізілмеген. Сондықтан, осы зерттеуде оқу жоспарындағы пәндер жиынтығы, олардың өзара байланысы, элективті пәндер және кредит сандары жан-жақты талданады. Сонымен қатар, қазіргі оқу жоспарларының білім сапасына және студенттердің кәсіби құзыреттілігіне әсері зерттеледі. Осы зерттеу арқылы екі елдегі химия мұғалімдерін даярлау бағдарламаларының құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктері анықталып, олардың тиімділігі мен білім беру сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстар жасау көзделеді.

Зерттеу әдістері мен материалдары. Жюльен Парижский негізін қалаған білім берудегі салыстырмалы әдісті (Бражник, 2002:9) қолдана отырып, Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының жоғары білім беру жүйесіндегі химия мұғалімдерін даярлау бакалавриат БББ оқу жоспарлары көп деңгейлі талдаудан өтті. Зерттеуде Қазақстан Республикасының кездейсоқ таңдалған 3 ЖОО және Түркия Республикасының кездейсоқ таңдалған 3 ЖОО-ның химия мұғалімдерін даярлауда қолданатын ЖОО-ның ресми сайттарында ашық қолданыстағы оқу жоспарлары, заң веб-сайттарында жариялаған бірнеше құқықтық құжаттар зерттеліп, салыстырылды. Таңдалған құжаттар сапалы сипаттамалық-аналитикалық әдіспен талданды.

Бұл зерттеудің объектілері Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының 2018-2024 жылдарындағы ЖОО-ның химия мұғалімдерін даярлау үшін бекітілген оқу жоспарлары.

Ақпараттық талдаулардан кейін құрылған сауалнама сұрақтары арқылы Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университетінің «6B01507 – Химия» мамандығында білім алып жатқан 3 курс студенттерінен Google Form платформасы арқылы сауалнама алынып, жалпы 21 студенттің жауабына талдау жасалды.

Зерттеу қадамдары мыналарды қамтиды: (1) Қазақстанның педагогикалық жоғары оқу орындарындағы химия мұғалімдерін оқытуда қолданылатын оқу жоспарларының соңғы нұсқасы мен Түркияның педагогикалық жоғары оқу орындарындағы химия мұғалімдерін оқытуда қолданылатын оқу жоспарларының соңғы нұсқасы бойынша деректерді жинау; (2) құжаттармен танысу және талдау; (3) нәтижелерді түсіндіру және қорытынды жасау.

Нәтижелер мен талқылау.

Қазақстан Республикасынан кездейсоқ таңдалған 3 ЖОО-ғы Химия мұғалімдерін даярлау бакалавриат БББ үшін әзірленген 1-8 семестрлер аралығындағы оқу жоспарларын талдау.

Қазақстан Республикасының оқу жоспарларының мақсаты мен күтілетін нәтижелері әр жоғары оқу орны тарапынан бекітілгендіктен, бір мамандық бойынша оқытылатын пәндер әр ЖОО-да әртүрлі болуы мүмкін. Осыған орай, бұл еркіндік бірегей емес құзыреттіліктері бар студенттердің даярлануына әкелуі мүмкін.

Кесте 1 - Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (бұдан кейін А) Химия мұғалімдерін даярлау бакалавриат БББ-ның 4 жылдық оқу жылына ұсынылған оқу жоспары (Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, n.d.:4)

1-2 семестр, кредит саны	3-4 семестр, кредит саны	5-6 семестр, кредит саны	7-8 семестр, кредит саны
Философия, 5 ECST	Оқушылардың жас ерекшелік физиологиясы, 5 ECST	Академиялық мақсаттағы ағылшын тілі, 5 ECST	Таңдау пәні, 5 ECST
Шет тілі, 5 ECST	Таңдау пәні, 6 ECST	Критериалды бағалау технологиясы, 5 ECST	Таңдау пәні, 5 ECST
Қазақ (Орыс) тілі, 5 ECST	Таңдау пәні, 6 ECST	Ғылыми зерттеулер негіздері, 5 ECST	Таңдау пәні, 5 ECST
Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері Құқықтық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері Экономика және кәсіпкерлік негіздері Көшбасшылық негіздері және инновацияларға бейімделу Қоғамға қызмет көрсету Эмоционалды интеллект, 5 ECST	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде), 5 ECST	Таңдау пәні, 5 ECST	Таңдау пәні, 5 ECST
Қазақстанның қазіргі заман тарихы 5 ECST	Дене шынықтыру, 2 ECST	Химияны оқыту әдістемесі, 5 ECST	Мұғалімнің кәсіби бағдарлары, 5 ECST

Бейорганикалық химия, 6 ECST	Таңдау пәні, 5 ECST	Таңдау пәні, 5 ECST, 3 ECST	Таңдау пәні, 5 ECST
Дене шынықтыру, 2 ECST	Инклюзивті білім беру, 5 ECST	Таңдау пәні, 4 ECST	Өндірістік практика, 5 ECST
Шет тілі, 5 ECST	Білім берудегі цифрлық технологиялар, 5 ECST	Таңдау пәні, 5 ECST	Дипломды практика, 2 ECST
Қазақ тілі (орыс тілі), 5 ECST	Дене шынықтыру, 2 ECST	Таңдау пәні, 4 ECST	Дипломдық жұмысты жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру, 12 ECST
Дене шынықтыру, 2 ECST	Педагогика, 5 ECST	Таңдау пәні, 6 ECST	Өндірістік практика, 11 ECST
Элементтер химиясы, 5 ECST	Таңдау пәні, 6 ECST	Таңдау пәні, 5 ECST	7-8 семестрлер бойынша жалпы кредит саны: 35/25
Әлеуметтік-саясаттану білім модулі, 8 ECST	Таңдау пәні, 6 ECST	Педагогикалық практика, 6 ECST	
Үздіксіз оқу практика, 1 ECST	Үздіксіз (психологиялық-педагогикалық) практика, 1 ECST	5-6 семестрлер бойынша жалпы кредит саны: 30/30	
Оқу, зертханалық практика, 1 ECST	Оқу-зертханалық практика, 1 ECST		
1-2 семестрлер бойынша жалпы кредит саны: 28/32	3-4 семестрлер бойынша жалпы кредит саны: 29/31		

Кесте 1-де көрсетілген Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (бұдан кейін А) Химия мұғалімдерін даярлау бакалавриат бағдарламасының 4 жылдық оқу жоспары негізінде, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (бұдан кейін В) (Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік Университеті, n.d.) мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (бұдан кейін С) (Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, n.d.) химия мұғалімдерін даярлау бакалавриат бағдарламаларының 4 жылдық оқу жоспарлары салыстырмалы түрде талданады.

Салыстырмалы талдау жұмысындағы негізгі критерийлер 1-8 семестрлер аралығында өтілетін пәндер және логикалық байланысы, бөлінетін академиялық кредит саны мен қай семестрде өтілетінін салыстырмалы талдау. Қазақстан Республикасының кездейсоқ таңдалған 3 ЖОО-ның бір оқу жылын толық қарастыру мақсатында 1-2, 3-4, 5-6, 7-8 семестрлері жұптастырылды.

Қазақстан Республикасының кездейсоқ таңдалған 3 ЖОО-ның Химия мұғалімдерін даярлау мамандығы үшін әзірленген оқу жоспарларында В және С оқу орындарында пәндер модульдерге жіктеліп берілген. В оқу орынының

оқу жоспарында 17.2 модуль бар, ал С оқу орынының оқу жоспарында 12 модуль бар. Екі ЖОО-дағы модульдер бір-біріне ұқсамайды. А оқу орынының оқу жоспарында пәндер тек жалпы білім беру пәндер циклі, базалық пәндер циклі мен бейіндеуші пәндер циклі деп қана топтастырылған, ал В және С оқу жоспарларында пәндерде жалпы білім беру пәндер циклі, базалық пәндер циклі мен кәсіптендіру пәндер цикліне жіктелген.

Барлық оқу орындарында бір оқу жылындағы екі семестр үшін 60 академиялық кредит игерілуі керек, алайда әр оқу орнының семестрлеріне бөлінген академиялық кредит сандары түрліше екені анықталды. Мысалы, 1-2 семестрлерде А оқу орнында 28/32 кредит бөлінсе, В оқу орнында 30/30, ал С оқу орнында 30/32 кредит бөлінген. 3-4 семестрлерде А оқу орнында 29/31 кредит бөлінсе, В оқу орнында 30/30, ал С оқу орнында 32/30 кредит бөлінген. 5-6 семестрлерде А оқу орнында 30/30, В оқу орнында 30/30, ал С оқу орнында 29/30 кредит бөлінген. 7-8 семестрлерде А оқу орнында 35/25, В оқу орнында 36/24, ал С оқу орнында 31/26 кредит бөлінген.

3 оқу орнының оқу жоспарында бірдей пәндер бар, бірақ әртүрлі академиялық кредит саны бөлінгені анықталды. Мысалы, А оқу орнында «Бейорганикалық химия» үшін 6 академиялық кредит бөлінсе, В оқу орнында бұл пән тек 4 академиялық кредит, ал С оқу орнында 5 академиялық кредитті құрайды.

Оқу жоспарында ортақ емес пәндер де бар. Мысалы, С оқу орнының оқу жоспарының 1-ші семестрінде «Геохимия, 5 ECST» пәні бар, алайда бұл пән қалған екі оқу орнында мүлдем қарастырылмаған және бұл пәнге постреквизит пән С оқу орнында да жоқ, яғни еш байланысы жоқ пән.

Оқу жоспарындағы бірдей пәндер әртүрлі семестрлерде оқытылады. Мысалы, «Химиядан есептер шығару әдістемесі, 5 ECTS» пәні С оқу орнында 1 семестрде өтілсе, дәл сондай академиялық кредит санымен В оқу орнында бұл пән 5 семестрде өтіледі. Әрине, егер бұл пән «Күрделі есептерді шығару, 5 ECST» пәніне предреквизит болса 1 семестрде өтілуі орынды, ал егер химиядан есептер шығару осы пәнмен ғана шектелсе 5-6 семестрлерге осы пәнді қою арқылы күрделі есептерді шығаруды студенттерге үйрету мүмкіндігі бар.

Кесте 2 - Докуз Эйлул Университеті (бұдан кейін А) Химия мұғалімдерін даярлау бакалавриат БББ-ның 4 жылдық оқу жылына ұсынылған оқу жоспары (Докуз Эйлул Университеті, n.d.)

1-2 семестр, кредит саны	3-4 семестр, кредит саны	5-6 семестр, кредит саны	7-8 семестр, кредит саны
Білімге кіріспе, 3 ECTS	Оқыту технологиясы, 3 ECTS	Сыныпты басқару, 3 ECTS	Педагогикалық практика 1, 12 ECTS
Білім социологиясы, 3 ECTS	Оқыту принциптері мен әдістері, 3 ECTS	Білім беру этикасы, 3 ECTS	Арнайы білім беру және интеграция, 3 ECTS
Ататүрік принциптері мен революция тарихы 1, 3 ECTS	Таңдау пәні, 3 ECTS	Таңдау пәні, 3 ECTS	Таңдау пәні, 4 ECTS
Шет тілі 1, 3 ECTS	Таңдау пәні, 4 ECTS	Таңдау пәні, 4 ECTS	Таңдау пәні, 4 ECTS

Түрік тілі 1, 5 ECTS	Таңдау пәні, 4 ECTS	Таңдау пәні, 4 ECTS	Қоғамдық жұмыстар практикасы, 3 ECTS
Ақпараттық Технологиялар, 5 ECTS	Химияны оқыту және оқыту технологиялары, 3 ECTS	Химия оқыту 1, 3 ECTS	Химия мұғаліміндегі зертханалық практика, 4 ECTS
Зертханалық қауіпсіздік, 2 ECTS	Аналитикалық химия 1, 3 ECTS	Органикалық химия 1, 3 ECTS	Педагогикалық практика 2, 12 ECTS
Жалпы химия 1, 4 ECTS	Аналитикалық химия зертханасы 1, 4 ECTS	Органикалық химия зертханасы 1, 4 ECTS	Мектептердегі нұсқаулық, 3 ECTS
Жалпы математика 1, 2 ECTS	Бейорганикалық химия 1, 3 ECTS	Физикалық химия, 3 ECTS	Таңдау пәні, 4 ECTS
Білім психологиясы, 3 ECTS	Түрік білімінің тарихы, 3 ECTS	Білім берудегі өлшеу және бағалау, 3 ECTS	Таңдау пәні, 4 ECTS
Білім философиясы, 3 ECTS	Таңдау пәні, 3 ECTS	Таңдау пәні, 3 ECTS	Күнделікті өмірдегі химия, 4 ECTS
Ататүрік принциптері мен революция тарихы 2, 3 ECTS	Таңдау пәні, 4 ECTS	Таңдау пәні, 4 ECTS	Түрік білім беру жүйесі және мектеп әкімшілігі, 3 ECTS
Шет тілі 2, 3 ECTS	Таңдау пәні, 4 ECTS	Таңдау пәні, 4 ECTS	Жалпы: 60 ECTS
Түрік тілі 2, 5 ECTS	Химияны оқыту бағдарламасы, 3 ECTS	Химияны оқыту 2, 5 ECTS	
Жалпы химия зертханасы, 2 ECTS	Аналитикалық химия 2, 3 ECTS	Органикалық химия 2, 3 ECTS	
Жалпы химия 2, 4 ECTS	Аналитикалық химия зертханасы 2, 4 ECTS	Органикалық химия зертханасы 2, 4 ECTS	
Жалпы биология, 3 ECTS	Бейорганикалық химия 2, 3 ECTS	Биохимия, 4 ECTS	
Жалпы математика 2, 2 ECTS	Білім берудегі зерттеу әдістері, 3 ECTS	Жалпы: 60 ECTS	
Жалпы физика, 2 ECTS	Жалпы: 60 ECTS		
Жалпы: 60 ECTS			

Түркияның үш жоғары оқу орнындағы химия мұғалімдерін даярлау бағдарламаларының оқу жоспарларын зерттеу Қазақстанның ЖОО-ның оқу жоспарларын зерттеуге қарағанда оңай әрі қол жетімді болды. Түркияның ЖОО-ның оқу жоспарлары Жоғары білім кеңесі (ЖБК) бекіткен пәндерді негізге ала отырып құрастырылады (ҮӨК, n.d.:24). Сондықтан, оқу жоспарларында аса үлкен айырмашылықтар жоқ. Докуз Эйюл Университеті (бұдан кейін А) химия мұғалімдерін даярлау бакалавриат бағдарламасының 4 жылдық оқу жоспары 2-ші кестеде көрсетілді. Гази Университеті (бұдан кейін В) (Гази Университеті, n.d.) және Мармара Университеті (бұдан кейін С) (Мармара Университеті, n.d.) химия мұғалімдерін даярлау бакалавриат бағдарламаларының оқу жоспарларындағы айырмашылықтар сол кесте негізінде түсіндіріледі.

Химия мұғалімдерін даярлауда қолданылатын оқу жоспарында әр семестірге тура 30 академиялық кредиттен бөлінген, әр пән 2-7 аралығындағы академиялық кредитті құрайды, соның ішінде пост және предреквизит пәндерге 3-5 академиялық кредиттен бөлінген. Түркияның Жоғары білім беру кеңесімен бекітілген құжатта көрсетілген пәндер тізімінде пәндер өзара 3 топқа бөлінеді (YÖK, n.d.:24): кәсіптік білім беру курстары; далалық білім беру курстары; жалпы білім курстары. Құжат 2018 жылдың 30 мамырында жаңартылған, Түркияның ЖОО-на бекітілген пәндердің өтілу семестрін ауыстыру мүмкінділігі берілген, жалпы алғанда барлық ЖОО-да химия мұғалімдерін даярлау үшін элективті пәндерден басқа меңгерілетін пәндердің барлығы бірдей, сол себепті де бұл зерттеу жұмысында Түркияның тек бір ғана университетін алып шектелу зерттеу жұмысының құндылығын төмендетпейтін еді, ал элективті пәндер әр ЖОО-да әртүрлі болатыны анықталды. Міндетті пәндермен қатар элективті пәндер қысқаша мазмұнымен көрсетілген, бұл құжатпен студенттер танысу арқылы, элективті пәнмен танысып оқығысы келетін пәнді таңдағанға ыңғайлы, сонымен қатар құжат интернет желісінде ашық қолданыста.

Кәсіпке қатысты пәндер жалпы химия - аналитикалық химия - органикалық химия - физикалық химия - биохимия - күнделікті өмірдегі химия реттілігінде оқытылады. Қарастырылған Түркияның 3 ЖОО-да өтілетін пәндерде сондада азғантай айырмашылықтар анықталды, В ЖОО-да А және С ЖОО-да өтілмейтін пәндер бар болып шықты. А ЖОО-да Түрік тіліне 5 академиялық кредит бөлінген, бұл пән екі семестрде қатар өтілетіндіктен 10 академиялық кредитті қамтиды, ал В ЖОО-да Түрік тіліне әр семестрге 2 академиялық кредиттен бөлініп жалпы 2 семестрде 4 академиялық кредитті құрап қосымша Химия пәні мұғалімінің құзыреттілігі және бағдары атты 3 академиялық кредитті құрайтын пәнді 8 семестрге қосқан және дәл осындай академиялық кредитпен 8 семестрге Орта білім беру химиясы бойынша эксперименттер пәнін қосқан. Барлық таңдау пәндеріне В ЖОО-да 3 академиялық кредиттен берілген, ал А ЖОО-да 10 таңдау пәніне 4 академиялық кредиттен берілгендіктен В ЖОО-ны 6 семестрге 3 академиялық кредиттен тұратын Физикалық химия зертханасын қоса алаған. С таңдалып алынған ЖОО-да да академиялық кредит сандарына байланысты айырмашылықтар анықталды, Түрік тіліне 3 академиялық кредиттен 1-2 семестрлерге оқытылуға берілген. Артылған 4 академиялық кредитке 3 семестрге Білім берудегі зерттеу әдістері пәні қосылған. Таңдау пәндеріне бөлінген академиялық кредиттердегі айырмашылықтар А ЖОО-ға қарағанда аз бөлінген, сондықтан 2 ЖОО да кездеспеген Білім берудегі бағдарламаны дамыту пәні 4 академиялық кредитпен 4 семестрге қосылған. Сонымен қатар, 6 семестрде Мінез-құлық және құндылық тәрбиесі пәні 3 академиялық кредитпен 6 семестрге қосылған.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің (А) Химия мұғалімдерін даярлау бакалавриат БББ-ның 4 жылдық оқу жылына ұсынған элективті пәндер каталогына 26 пән енгізілген, ал Түркияның А және В ЖОО-да 53 пән, С ЖОО-да 27 пән элективті пәндер каталогына енгізілген.

Түркия Республикасының ЖОО-ның элективті пәндеріне 3 және 4 академиялық кредиттен бөлінсе, Қазақстан Республикасында 4, 5, 6 академиялық кредиттен бөлінеді. Элективті пәндерді таңдау мүмкіндігі қазақстандық студенттер үшін 2-ші курстан басталса, ал Түркияда 3 курстан басталады.

Түркия Республикасының С оқу орны ұсынып отырған Экологиялық білім элективті пәніне 3 академиялық кредит бөлінсе, Қазақстан Республикасында Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздеріне 5 академиялық кредит бөлінген, элективті пәндерді оқытуға 3, 4 академиялық кредиттің бөлінуі міндетті пәндерді оқытуға көбірек кредит санын бөлуге мүмкіндік береді.

Түркия Республикасының ЖОО ұсынған элективті пәндер каталогы жан-жақты студенттердің білім алуына мүмкіндік беретіні, ал Қазақстан Республикасының ЖОО-ң элективті пәндер каталогы химиялық білім беруге баса назар аударатыны анықталды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының ЖОО ұсынған элективті пәндер тізімінде атауы өзгертілген, алайда мазмұны бір «Экологиялық химия» мен «Химиялық экология» пәндері таңдауға берілген.

Қазақстан мен Түркияның оқу жоспарын салыстыру

Жоғарыдағы Қазақстан мен Түркияның химия педагогтерін даярлайтын бакалавриат деңгейіндегі 4 жыл аралығында өтетін пәндері мен кредит сандарын салыстыру арқылы Қазақстанда 8 семестр бойынша студенттер міндетті химияға қатысы бар келесі пәндерді оқиды: бейорганикалық химия негіздері, элементтер химиясы, химияны оқыту әдістемсі, химиядан есептер шығару әдістемесі, органикалық химия және аналитикалық химия, бұл пәндер жалпы 29-30 академиялық кредит санын құрайды, ал Түркияның оқу жоспарында жалпы 240 академиялық кредит болса соның ішінде орта есеппен 94 академиялық кредит саны химияға тікелей қатысы бар міндетті пәндерді оқытуға бөлінеді екен. Кәсіби құзіреттіліктерді қалыптастыратын пәндерге көп академиялық кредит санының бөлінуі студенттердің өз мамандығына баса назар аударуға, кәсіби құзіреттіліктерді меңгеруге мүмкіндік береді деп айта аламыз.

Оқу жоспарының сапалы құрылуы студенттердің бакалавриат бағдарламасын меңгеру нәтижелеріне және мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес бітірушінің жалпы мәдени, жалпы кәсіптік және кәсіптік құзіреттерін дамытуларына тікелей әсер етеді. Екі елдің жалпы 6 жоғары оқу орнының Химия педагогтарын даярлау бойынша оқу жоспарларын талдай отырып Түркия Республикасының оқу жоспарлары бірінғай құрылымды болып келетіні анықталды. Сонымен қатар, Түркияда химиялық пәндерге баса назар аударылатындығы және зертханалық сабақтарға да жеке академиялық кредит сандары бөлінетіндігін, ал Қазақстан Республикасының оқу жоспарларында Түркия Республикасындағыдай зертханалық сабақтарға жеке академиялық кредит бөлінбейтіні анықталды. Қазақстан Республикасының оқу жоспарларында өзара бірінғайлық жоқ, академиялық кредит сандарында да

айырмашылық бары табылды. Бұл жерден туындайтын мәселе, Қазақстандағы бір мамандықты бітірген әр түрлі ЖОО студенттері қаншалықты бірдей дәрежедегі маман болып шығады? Педагогикалық мамандық үшін құрастырылған оқу жоспары болғандықтан оқыту әдістемесіне қатысты пәндер екі елде де химия пәнімен бірдей дәрежеде назарға алынған. Предреквизиттер мен постреквизитті пәндер Қазақстанға қарағанда Түркияда кеңірек тараған. Соған байланысты, Қазақстанда химиялық пәндердің түрлілігі Түркияға қарағанда басым. Алайда, Алифатты қосылыстардың органикалық химиясы, Циклді қосылыстардың органикалық химиясы деген сияқты пәндерді органикалық химия 1/2 деп көрсетіп предреквизит және постреквизиттер ретінде өтсе де болады. Осыған ұқсас Күрделілігі жоғары химия есептері, Химиядан есептер шығару әдістемесі, Химиядан олимпиадалық есептер шығару әдістемесі пәндерін предреквизит және постреквизитті пәндер ретінде біріктіруге болады.

Элективті пәндер каталогына тоқталатын болсақ, Түркияда ұсынылатын пәндер каталогы пәндік-бағдарлы, бейіндік-бағдарлы, пәнаралық және пәннен тыс пәндер түрлерін қамтыған. Түркия студенттері үшін ұсынылған каталог студенттердің химиядан білімдерін тереңдетуге де, ғылыми жұмыстарды жазып үйренуге де және қоршаған ортаға байланысты білім алуға көмектеседі. Research.com (2024) мәліметтерінде көрсетілгендей Түркияның химик ғалымдарының жақсы көрсеткіштер көрсетуіне бұл да себеп бола алады, себебі студенттерде 5 семестірден бастап академиялық жазылым немесе критикалық ойлау және сапалық/сандық анализ элективті сабақтарын таңдау мүмкіндігі бар. Ал қазақстандық студенттер үшін ұсынылатын элективті пәндер каталогы пәндік-бағдарлы, бейіндік-бағдарлы, пәнаралық және пәннен тыс сабақтар түрлерін толық қамти алмаған. Химиямен байланысы бар пәндерге баса назар аударылып кеткен. Бұл студенттердің жан-жақты дамуына, білім алуына кедергі жасауы мүмкін.

Кредит саны жалпы екі елде бакалавриат бағдарламасы үшін 240 академиялық кредит санын құрайды, бұл Түркияда 8 семестр үшін бірдей 30 академиялық кредит санымен бөлінген, ал Қазақстанда әр семестрге кредит сандар түрліше бөлінген, әсіресе Қазақстанда зерттеу объектісі болған В оқу орнында 29-32 академиялық кредиттерден бөлінген семестрлер кездесті. Қазақстанның оқу жоспарында 1-8 семестрлер ішінен 2 мен 5 семестрлерде көбірек жүктеме берілген. Сауалнама нәтижесі бойынша да Қазақстанның студенттері 2 мен 5 семестрлерге жүктеме көп бөлінген деген шағым білдірген. Түркия Республикасының 3 ЖОО міндетті пәнмен қатар жүретін зертханалық сабақтарға да жеке академиялық кредит санын бөлетіндіктен, Аналитикалық химия 4 ECTS және Аналитикалық химия зертханасы 4 ECTS жалпы 8 ECTS, ал Қазақстанда Аналитикалық химияға 5 ECTS бөлінеді соның ішіне зертханалық сабақтарда кіреді. Студенттің кәсіби-күзиретті болуы үшін міндетті пәндерді меңгеруге бөлінетін уақыт саны әсер етеді деп айта аламыз.

Зерттеу жұмысының мақсаты екі елдің бір мамандыққа құралған оқу

жоспарларын зерттей отырып Қазақстанның ЖОО-ң Химия мұғалімдерін даярлау мамандығы үшін әзірленетін оқу жоспарын жақсартуға ұсыныстар беру болғандықтан, тек Қазақстанның студенттерінен сауалнама алынды.

Кесте 3 - Сауалнама нәтижесі.

Сауалнама модулі	Сауалнама сұрақтары	Қазақстандық студенттердің жауаптары
Жалпы ақпарат алу	Сіздің жасыңыз нешеде?	- 19 жас 69,1 % - 20 жас 33,3 %
	Сіз студентсіз бе?	- Ия 100 %
	Қай мамандық бойынша білім алып жатырсыз?	- Химия мұғалімдерін даярлау - Химия-Биология мұғалімдерін даярлау
	Сіз білім алып жатқан ЖОО орналасқан қала?	- Алматы 95,2 % - Қарағанды 4,8 % (ішкі академиялық ұтқырлықпен келген студенттердің жауабы)
Оқу жоспарын бағалау	Кәсіби білікті маман болуыңыз үшін ЖОО-да қажетті барлық пәндерді меңгеріп жатырмын деп ойлайсыз ба?	- Ия 85,7 % - Жоқ 14,3 %
	Қайталанып оқытылатын пәндер Сіздің тәжірибеңізде кездесті ме?	- Ия 14,3 % - Жоқ 85,7 %
	Сіздің оқу жоспарыңызда 15 апта оқуды қажет етпейтін пәндер кездесті ме?	- Ия 28,6 % - Жоқ 71,4 %
Элективті пәндерді таңдау алды түсіндірме жұмыстарды бағалау	Сізге осы уақытқа дейін ұсынылған элективті пәндердің каталогы Сізді қанағаттандырады ма?	- Ия 81 % - Жоқ 19 %
	Элективті пәндерді таңдау алды түсіндірме жұмыстары оқытушылар тарапынан жүргізіледі ме?	- Ия 66,7 % - Жоқ 33,3%
Кері байланыс	Сіздің мамандығыңызға арналып құрастырылған "Оқу жоспарына" қосар ұсыныстарыңыз бар ма?	- Жоқ - Оқу жоспары күрделі, студенттер күйіп кетеді. Сөз келесі апта рк сосын сессия болуы ауыр - Қызықты бір шара ұйымдастырса - Пәнді оқыту барасында пәнаралық байланысына қарай орналастыру
	Сіз білім алып жатқан ЖОО-на магистратураға немесе докторантураға қайта оқуға түсер ме едіңіз?	- Ия 28,6 % - Жоқ 71,4 %

Сауалнама жауаптарын талдайтын болсақ, 6-шы кестеде 3 курстың 21 студентінің жауаптары талдана келе, студенттерден келген кереғар жауаптар табылды. Мысалы, кәсіби білікті маман болуыңыз үшін ЖОО-да қажетті барлық пәндерді меңгеріп жатырмын деп ойлайсыз ба? - деген сұраққа 100

пайыз Ия деп жауап берген. Алайда, Жоқ болса, кәсіби білікті маман болуыңыз үшін қандай пәндерді оқу жоспарына қосар едіңіз? – деген сұраққа «қаржы, құқық және этика» пәндерін қосқандарын қалаймыз деп жауап берген. Бұл жауаптар студенттердің толық шынайы жауап бергендеріне күдік тудырады. Сіздің оқу жоспарыңызда 15 апта оқуды қажет етпейтін пәндер кездесті ме? – деген сұраққа 18,2 пайыз студент ия деп жауап берген және оған Ғылыми зерттеу негіздері, философия, политология пәндерін жазған. Сізге осы уақытқа дейін ұсынылған элективті пәндердің каталогы Сізді қанағаттандырады ма? – деген сұраққа 9,1 пайыз студент жоқ деген. Элективті пәндерді таңдау алды түсіндірме жұмыстары оқытушылар тарапынан жүргізіледі ме? – деген сұраққа 36,4 пайыз студент жоқ деп жауап берген. Сіздің мамандығыңызға арналып құрастырылған «Оқу жоспарына» қосар ұсыныстарыңыз бар ма? – деген сұраққа «Оқу жоспары күрделі, студенттер күйіп кетеді. Сөз келесі апта рк сосын сессия болуы ауыр. Қызықты бір шара ұйымдастырса» деп жауаптар берген. Бұл дегеніміз студенттер педагогика бағыты бойынша білім алып жатсада «оқу жоспары» не, ол неден тұрады, құрастырылу міндеті мен мақсаты қандай екенін білмейді. Сіз білім алып жатқан ЖОО-на магистратураға немесе докторантураға қайта оқуға түсер ме едіңіз? – деген сұраққа жоқ деп 27,3 пайыз жауап берген. Осы 27,3 пайыз студент оқу жоспарына өзгеріс қосуға өз ойын білдірген студенттер болуы да мүмкін.

Қорытынды. Қазақстан мен Түркияның педагогикалық жоғары оқу орындарында химия мұғалімдерін даярлауда қолданатын оқу жоспарларын салыстыру өте қызық мәселелерді жарыққа шығарды, себебі, екі елдің студенттері Болон жүйесі бойынша білім алып жатса да, екі елде бірдей пәндерді меңгеруге бөлінетін академиялық кредит сандары әр түрлі, бір мамандық оқытылып жатса да өтілетін пәндерде айырмашылықтар табылды. Енді бұл айырмашылықтар қандай нәтиже беретінін зерттеу өте маңызды. Қазақстан Республикасының ЖОО-ның оқу жоспарларында әр семестрлерге 28-32 академиялық кредиттен бөлінсе, Түркия Республикасының оқу жоспарларында бірінғай 30 академиялық кредиттен бөлінеді, сәйкесінше 32 академиялық кредит бөлінген семестрде студенттерде жүктеме көп болады, көбірек пәндерді меңгереді. Бұл Қазақстанның ЖОО-да оқитын студенттерді қажытып, үлкен жүктеме салдарынан өз мамандығына тікелей қатысты пәндерден үлгерімінің төмендеуіне алып келуі мүмкін. Түркия Республикасының ЖОО-ның оқу жоспарларында химиялық пәндер мен ғылыми зерттеу жұмыстарын жасауды үйрететін пәндер Қазақстанның ЖОО-ның оқу жоспарларына қарағанда көбірек енгізілген. Сол себепті, Қазақстанның ЖОО ғылыми жұмыстарға баулуды бакалавриат бағдарламасынан бастау керек. Студенттердің әр семестірде өтетін пәндерінің ішінде басымдылық мамандығына қатысы бар пәндерге берілуі керек. Түркияда зертханалық сабақтарға жеке академиялық кредиттер бөлінсе, Қазақстанда зертханалық сабақтар оқу жоспарында жекелей көрсетілмейді. Элективті пәндер Қазақстаннан гөрі Түркияда жақсы назарға алынған. Аталған ерекшеліктер Түркияның ЖОО-ның оқу жоспарларының артықшылықтары.

Ұсыныстар:

Оқу жоспарын құрастыруда мемлекеттік деңгейде Қазақстанның барлық ЖОО-ның жауапты тұлғалары және университет деңгейінде кафедрадағы барлық оқытушылардың атсалысуын қадағалау керек;

Оқу жоспарындағы міндетті пәндердің мамандық бойынша білім алып жатқан студенттердің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына қаншалықты әсер ететініне анализ жасау керек;

Өткен жылдағы өтілген пәндер туралы студенттерден ЖОО тарапынан алынған сауалнаманың нәтижесін талдау керек;

Кафедрадағы мамандардың білім дәрежесіне, мүмкіндігіне сүйене отырып оқу жоспарына пәндерді бекітуден аулақ болу;

Мамандыққа қатысы бар пәндерді көбірек енгізу;

Элективті пәндер мен міндетті пәндерге теңдей қарау, элективті пәндерге таныстыру жұмыстарын және ол пәнді жүргізетін мұғалімдердің де портфолиоларын дайындау. Таныстыру жұмыстарын жүргізу;

Элективті пәндерді студенттер өздері таңдап, оқу мүмкіндігінің бар болуын қадағалау.

Сонымен, Қазақстанның ЖОО-ның химия мұғалімдерін даярлау бакалавриат БББ оқу жоспарын қайта қарастыру, академиялық жүктемені әр семестр үшін теңгерімді бөлу, пәндерді меңгеруге бөлінетін кредит сандарын қайта қарау, постреквизиттер мен пререквизиттер пәндерін анықтау, сондай-ақ элективті пәндер мен зертханалық сабақтарды дамытуға назар аудару қажет. Бұл шаралар студенттердің кәсіби құзыреттілігін арттырып, мамандыққа бағдарланған білім беруді қамтамасыз етіп, химия мұғалімдерінің дайындық деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті Химия мұғалімдерін даярлау бакалавриат БББ-ның 4 жылдық оқу жылына ұсынылған оқу жоспары. https://www.kaznpu.kz/docs/plan/zgi/bac/601510_—_.pdf. — Б. 1-6.

Аватков В.А., & Касаткин П.И. (2012) Высшее образование в Турции и Болонский процесс. Вестник МГИМО Университета, (6)7. — С. 277-281.

Бражник Е.И. (2002) Методологические подходы к исследованию образования в сравнительной педагогике. Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена, 2(3). — С. 1-9.

Суханкина Н.В. (2010) Развитие национальных систем университетского химического образования в условиях современной европейской интеграции. ИВЦ Минфина, Минск. ISBN: 978-985-6993-12-4. — С. 1-123.

Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті Химия мұғалімдерін даярлау бакалавриат БББ-ның 4 жылдық оқу жылына ұсынылған оқу жоспары. [ENG_6B01507_disciplines.pdf?_t=1700029566](#). — Б. 1.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік Университеті Химия мұғалімдерін даярлау бакалавриат БББ-ның 4 жылдық оқу жылына ұсынылған оқу жоспары. [file:///C:/Users/nurbekova.m/Downloads/%D0%B6%D1%83%D0%B1%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D0%B0%206%D0%9201504-ru%20\(2\)%20\(2\).pdf](#). — Б. 1-35.

Aydin-Ceran S. (2021) Evaluation of TIMSS 2019 and PISA 2018 Science Findings in Turkey Perspective. Current Studies in Educational Disciplines, 78. — P. 1-16.

Besson D., Pedlar T.K., Xavier J., Cronin-Hennessey D., Gao K.Y., Hietala J., ... & (CLEO Collaboration). (2009) Improved measurements of D meson semileptonic decays to π and K mesons. *Physical Review D—Particles, Fields, Gravitation, and Cosmology*, 80(3), 032005. — P. 1-34.

Best Chemistry Scientists. World's Best Chemistry Scientists: H-Index Chemistry Science Ranking 2024. World's Best Chemistry Scientists: H-Index Chemistry Science Ranking 2024. Research.com

Chemistry Teaching Bachelor's Program Course Content. Kimya_Ogretmenligi_Lisans_Programi.pdf. — P. 1-24.

DeBoer G. E. (2011) The globalization of science education. *Journal of Research in Science Teaching*, 48(6). — P. 567-591.

Dokuz Eylul University. Chemistry Education Programme. <https://yandex.kz>

Ergun M. (2013) İsviçre ve Türkiye kimya öğretmeni yetiştirme programlarının karşılaştırılması. *Journal of Turkish Science Education*, 10(1). — P. 118-138.

Fahmy A.F.M. & Lagowski J.J. (2003) Systemic reform in chemical education: An international perspective. *Journal of Chemical Education*, 80(9). — P. 1078.

Gazi University. Chemistry Education Programme. <https://gazi.edu.tr>

Jin Y. (2023) The Rise of Education Globalization: Embracing Opportunities and Overcoming Challenges. *Advances in Economics and Management Research*, 8(1). — P. 1-10.

Kreditnaya tekhnologiya obucheniya. <https://www.kaznu.kz/ru/20566/page/>

Marmara University. Chemistry Education Programme. Marmara Üniversitesi-Fakülte>SubContent TIMSS 2019 Encyclopedia: Kazakhstan. <https://www.kaznu.kz/ru/20566/page/>

Walker D.F., & Soltis J.F. (2004) Curriculum and aims (3rd ed.). Teachers College Press, New York and London. ISBN: 0807736759. — P. 1-265.

Zholdasbayeva Z., Gilmanshina S., & Abyzbekova G. (2022) The Problem of Continuity in Teacher Education in a Complex World. *ARPHA Proceedings*, 5. — P. 1863-1880.

References

Aydin-Ceran S. (2021) Evaluation of TIMSS 2019 and PISA 2018 Science Findings in Turkey Perspective. *Current Studies in Educational Disciplines*, 78. — P. 1-16. (in Eng.).

Abai atyndagy Kazakh Ultynlyk Pedagogikalyq Universyteti Khimiya muğalimderin dayarlau bakalavriat BBB-nyñ 4 jylidyq oqu jylyna usynylğan oqu jospary [The proposed curriculum for the 4-year academic year of the Bachelor's Degree in Chemistry Teacher Training at the Abai Kazakh National Pedagogical University]. https://www.kaznpu.kz/docs/plan/zgi/bac/601510_—.pdf. — P. 1-6. (in Kazakh)

Avatkov V.A., & Kasatkin P.I. (2012) Vyshee obrazovanie v Turtsii i Bolonskij protsess [Higher Education in Turkey and the Bologna Process]. *Vestnik MGIMO Universiteta*, (6). — S. 277-281. (in Russian)

Brazhnik E.I. (2002) Metodologicheskie podkhody k issledovaniyu obrazovaniya v sravnitel'noy pedagogike [Methodological approaches to the study of education in comparative pedagogy]. *Izvestiya Rossiyskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta im. A.I. Gertsena*, 2(3). — P. 1-9. (in Russian)

Besson D., Pedlar T.K., Xavier J., Cronin-Hennessey D., Gao K.Y., Hietala J., ... & (CLEO Collaboration). (2009). Improved measurements of D meson semileptonic decays to π and K mesons. *Physical Review D—Particles, Fields, Gravitation, and Cosmology*, 80(3), 032005. — P. 1-34. (in Eng.).

Best Chemistry Scientists. World's Best Chemistry Scientists: H-Index Chemistry Science Ranking 2024. Research.com

Chemistry Teaching Bachelor's Program Course Content. Kimya_Ogretmenligi_Lisans_Programi.pdf. — P. 1-24. (in Eng.).

DeBoer G.E. (2011) The globalization of science education. *Journal of Research in Science Teaching*, 48(6). — P. 567-591.

Dokuz Eylul University. Chemistry Education Programme. <https://yandex.kz> (in Eng.).

Ergun M. (2013) İsviçre ve Türkiye kimya öğretmeni yetiştirme programlarının karşılaştırılması

[Comparison of chemistry teacher training programs in Switzerland and Türkiye]. *Journal of Turkish Science Education*, 10(1). — P. 118-138. (in Turkish)

Fahmy A.F.M. & Lagowski J.J. (2003) Systemic reform in chemical education: An international perspective. *Journal of Chemical Education*, 80(9). — P. 1078. (in Eng.).

Gazi University. Chemistry Education Programme. <https://gazi.edu.tr> (in Eng.).

Jin Y. (2023) The Rise of Education Globalization: Embracing Opportunities and Overcoming Challenges. *Advances in Economics and Management Research*, 8(1). — P. 1-10. (in Eng.).

Kreditnaya tekhnologiya obucheniya [Credit technology of education]. <https://www.kaznu.kz/ru/20566/page/> (in Russian)

Marmara University. Chemistry Education Programme. Marmara Üniversitesi-Fakülte>SubContent (in Eng.).

Sukhankina N.V. (2010) Razvitiye natsional'nykh sistem universitetskogo khimicheskogo obrazovaniya v usloviyakh sovremennoy yevropeyskoy integratsii [Development of national systems of university chemical education in the context of modern European integration]. IVC Minfina, Minsk. ISBN: 978-985-6993-12-4. — P. 1-123. (in Russian)

TIMSS 2019 Encyclopedia: Kazakhstan. <https://www.kaznu.kz/ru/20566/page/> (in Eng.).

Ulytyk Qyzdar Pedagogikalyq Universyteti Khimiya muğalimderin dayarlau bakalavriat BBB-nyń 4 jyldyq oqu jylyna usynylǵan oqu jospary [The proposed curriculum for the 4th year of the Bachelor's Degree in Chemistry Teacher Training at the National Women's Pedagogical University]. ENG_6B01507_disciplines.pdf.pdf?_t=1700029566. — P. 1. (in Kazakh)

Q. Zhūbanov atyndagy Aqtōbe ōñirlik Universyteti Khimiya muğalimderin dayarlau bakalavriat BBB-nyń 4 jyldyq oqu jylyna usynylǵan oqu jospary [The proposed curriculum for the 4th year of the Bachelor's Degree in Chemistry Teacher Training at Aktobe Regional University named after Q. Zhubanov]. file:///C:/Users/nurbekova.m/Downloads/%D0%B6%D1%83%D0%B1%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D0%B0%206%D0%9201504-ru%20(2)%20(2).pdf. — P. 1-35. (in Kazakh)

Walker D.F., & Soltis J.F. (2004) Curriculum and aims (3rd ed.). Teachers College Press, New York and London. ISBN: 0807736759. — P. 1-265. (in Eng.).

Zholdasbayeva Z., Gilmanshina S., & Abyzbekova G. (2022) The Problem of Continuity in Teacher Education in a Complex World. *ARPHA Proceedings*, 5. — P. 1863-1880. (in Eng.).

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Ответственный редактор **А. Ботанкызы**

Редакторы: **Д.С. Аленов, Т. Апендиев**

Верстка на компьютере: **Г.Д. Жадырановой**

Подписано в печать 31.10.2025.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф.

46,0 п.л. Тираж 300. Заказ 5.